

Тұтыну кооперациясының басқару органдарына арналған тұтынуға жұмсалатын қаражатты реттеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 7 желтоқсан N 1385. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.08.02. N 1069 қаулысымен.

Қазтұтынуодағының қоғамдық-шаруашылық ұйым болып табылатынын әрі оның басқару органдары (аудандық, облыстық және республикалық буыны) шаруашылық қызметімен шұғылданбайтынын және олар өз кәсіпорындарының ішкі шаруашылық аударымдары есебінен ұсталынатынын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Алдағы уақытта тұтынуға жұмсалатын қаражатты мемлекеттік реттеудің тетігі туралы жаңа Ережені бекіткенге дейін, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 8 қыркүйектегі N 1014, 1994 жылғы 28 қыркүйектегі N 1072 қаулыларымен енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды ескере отырып, "Тұтынуға жұмсалатын қаражатты мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 8 ақпандағы N 148 қаулысымен бекітілген тұтынуға жұмсалатын қаражатты мемлекеттік реттеу туралы Ереженің 18-тармағын тұтынушылар кооперациясының басқару органдарына қолдану тоқтатыла тұрсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі